

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін  
Дене шынықтыру және алғашқы  
әскери дайындық факультетінің  
деканы Е.Е. Оспанкулов  
« 25 » 04 2025 ж.



ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАННЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

**В004—Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау тобы бойынша**

«6В01401 – Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасы бойынша  
оқуға түсуге арналған Абай атындағы ҚазҰПУ,  
«Бастапқы әскери дайындық» кафедрасының отырысында талқыланды  
« 25 » 04 2025 ж. № 9 хаттама

Кафедра меңгерушісі

PhD, аға оқытушы Т.Ережепов

Бағдарлама Абай атындағы ҚазҰПУ ДШ және АӘД Ғылыми кеңесімен  
мақұлданды « 25 » 04 2025 ж № 9 хаттама

Алматы, 2025

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

6B01401 – Бастапқы әскери дайындық педагогикалық кадрларын даярлау - арнайы теориялық дағдыларды тереңдетіп зерделеуді және нақты практикалық құзыреттерді меңгеруді талап ететін күрделі көп қырлы процесс.

6B01401 – Бастапқы әскери дайындық білім беру бағдарламаласы бойынша шығармашылық емтиханды Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің профессорлары мен кафедра оқытушыларының құрамынан құрылған арнайы емтихан комиссиясы қабылдайды. Арнайы (шығармашылық) емтихан Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау тобы бойынша саласындағы білім беру бағдарламаларының топтарына түсетін барлық талапкерлер үшін міндетті болып табылады.

Бағдарлама Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.2018 ж. № 600 даңғылы негізінде әзірленді (жаңа редакцияда-14.06.2019 № 269 бұйрықпен).

Оған сәйкес Абай атындағы ҚазҰПУ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау тәртібін дербес, сондай-ақ пп-ға сәйкес айқындайды. 6) Заңның 43-1-бабының 2-тармағы қабылдау тәртібін, нысанын, қосымша емтихан өткізу бағдарламасын және оқуға түсушілер үшін дайындық бағытының ерекшеліктерін ескере отырып өту балын айқындайды.

Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу көрсетілген Үлгілік қағидаларға 1-қосымша көрсетілген тізбеге сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға қабылдау арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұксас бағыттары бойынша шығармашылық даярлықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін талапкерлер бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 40 балдық жүйе бойынша бағаланады.

### Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

#### 1 шығармашылық емтихан

#### «Әскери дайындық және спорт түрлері»

##### 1. Саптық дайындық

##### 2. Газ тұмылдырықты кию.

##### 3. Баскетбол добын нысанаға лақтыру (5 рет лақтырудан түскені)

| № | Нормативтер                                                 | Балл | Орындалу сапасы                                                                                                                                                                                                                                      |
|---|-------------------------------------------------------------|------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Саптық дайындық                                             | 5    | Орындағы бұрылыстар                                                                                                                                                                                                                                  |
|   |                                                             | 5    | Өте жақсы                                                                                                                                                                                                                                            |
|   |                                                             | 3    | Жақсы                                                                                                                                                                                                                                                |
|   |                                                             | 1    | Қанағаттанарлық                                                                                                                                                                                                                                      |
|   |                                                             | 5    | Командир (бастыққа) келу, кету                                                                                                                                                                                                                       |
|   |                                                             | 5    | Өте жақсы                                                                                                                                                                                                                                            |
|   |                                                             | 3    | Жақсы                                                                                                                                                                                                                                                |
|   |                                                             | 1    | Қанағаттанарлық                                                                                                                                                                                                                                      |
|   |                                                             | 10   | Саптан шығу, сапқа тұру                                                                                                                                                                                                                              |
|   |                                                             | 10   | Өте жақсы                                                                                                                                                                                                                                            |
|   |                                                             | 6    | Жақсы                                                                                                                                                                                                                                                |
|   |                                                             | 2    | Қанағаттанарлық                                                                                                                                                                                                                                      |
| 2 | Газ тұмылдырықты кию.                                       | 15   | Газ тұмылдырықты кию – 8 сек                                                                                                                                                                                                                         |
|   |                                                             | 10   | Газ тұмылдырықты кию – 9 сек                                                                                                                                                                                                                         |
|   |                                                             | 5    | Газ тұмылдырықты кию – 10 сек                                                                                                                                                                                                                        |
|   |                                                             | 0    | Газ тұмылдырықты кию – 10 секунд-тан көп болса.                                                                                                                                                                                                      |
|   |                                                             |      | Бір балаға кемітетін кателер:<br>Газ тұмылдырықты киген кездеқозді жұмбау, демді ұстап қалмау немесе Газ тұмылдырықты кигеннен кейін демді шығармау<br>Шлем маска қисық киілген.<br>Шлем маскадотолқындардың болуы немесе масканың ішіне ауаның өтуі |
| 3 | Баскетбол добын нысанаға лақтыру (5 рет лақтырудан түскені) | 15   | Баскетбол добы нысанаға 5 рет түссе                                                                                                                                                                                                                  |
|   |                                                             | 10   | Баскетбол добы нысанаға 4 рет түссе                                                                                                                                                                                                                  |
|   |                                                             | 5    | Баскетбол добы нысанаға 3 рет түссе                                                                                                                                                                                                                  |
|   |                                                             | 3    | Баскетбол добы нысанаға 2 рет түссе                                                                                                                                                                                                                  |
|   |                                                             | 0    | Баскетбол добы нысанаға 1 рет түссе, немесе түспесе                                                                                                                                                                                                  |

«Әскери дайындық және спорт түрлері» шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері

| Бағалау критерийі                                                                          | ОБ арналған балл |
|--------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
| Саптық дайындық                                                                            | 20               |
| Газ тұмылдырықты кию. Газ тұмылдырық абитуриенттің сол жағында сумканың ішінде орналасқан. | 15               |
| Баскетбол добын нысанаға лақтыру (5 рет лақтырудан түскені)                                | 15               |
| <b>Барлығы</b>                                                                             | <b>50</b>        |

## 2 шығармашылық емтихан «Жалпы дене дайындығы»

Спорт түрлері бойынша емтиханда талапкерлер келесі сынақ түрлері бойынша нормативтерді орындауы қажет:

1. **100 метрге жүгіру** (ұлдар, қыздар);
2. **3000 метрге жүгіру** (ұлдар) - **1000 метрге жүгіру** (қыздар);
3. **Тұрған орнынан ұзындықа секіру** (ұлдар, қыздар);
4. **Кермеде тартылу** (ұлдар);
5. **Арқада жатып денені көтеру** (қыздар);

### Сынақ түрлерін орындау шарттары:

1. **100 метрге жүгіру** (ұлдар, қыздар) – сынақ стадионның жүгіру жолынанемесе кез келген тегіс жерде өткізіледі;

2. **3000 метрге жүгіру** (ұлдар) – сынақ стадионның жүгіру жолында немесекез келген тегіс жерде өткізіледі; **1000 метрге жүгіру** (қыздар) – сынақ стадионның жүгіру жолында немесе кез келген тегіс жерде өткізіледі;

3. **Биік кермеде тартылу (ұлдар)** – сынақ бастапқы калыпта жоғарыдан ұстай асылып, аяқты еденге (жерге) тигізбей орындалады. Кермеден иек жоғары өтіп, одан бастапқы калыпка қайтып оралған кезде «жаттығу орындалды» болып есептеледі. Жаттығуды орындау кезінде қолдарды айқастыруға тыйым салынады;

4. **Шалқалай жатып, денені көтеру** (қыздар) – сынақ шалқалап жатқан калыпта, аяқ тізеден  $90^{\circ}$  бұрышқы бүгіле, алақан иықта және табаннан серіктестің ұстап тұруымен орындалады;

5. **Тұрған орнынан ұзындықа секіру** (ұлдар, қыздар) – сынақ ашық және жабық ғимараттардағы кез келген тегіс жерде өткізіледі.

**6B01401 – Бастапқы әскери дайындық мамандығының толық курсжәне қысқартылған бөліміне түсуші талапкерлеріне арналған жалпыдене дайындығы бойынша қабылдау нормативтерінің ТЕСТІЛЕРІ**

| № | Жаттығу түрі | Жасы            | Нормативтік талаптар |         |        |        |        |        |        |        |        |        |        |
|---|--------------|-----------------|----------------------|---------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|
|   |              |                 | Сынақ ұпайлары       |         |        |        |        |        |        |        |        |        |        |
|   |              | Ұпай саны       | Өлшем бірлігі        | 10 ұпай | 9 ұпай | 8 ұпай | 7 ұпай | 6 ұпай | 5 ұпай | 4 ұпай | 3 ұпай | 2 ұпай | 1 ұпай |
| 1 | 100м.        | 17-29 (ер)      | Сек.                 | 14.1    | 14.2   | 14.3   | 14.4   | 14.5   | 14.6   | 14.7   | 14.8   | 14.9   | 15.0   |
|   |              | 30жогары (ер)   | Сек.                 | 15.1    | 15.2   | 15.3   | 15.4   | 15.5   | 15.6   | 15.7   | 15.8   | 15.9   | 16.0   |
|   |              | 17-29 (кыздар)  | Сек.                 | 16.1    | 16.2   | 16.3   | 16.4   | 16.5   | 16.6   | 16.7   | 16.8   | 16.9   | 17.0   |
|   |              | 30жогары (кыз.) | Сек.                 | 17.1    | 17.2   | 17.3   | 17.4   | 17.5   | 17.6   | 17.7   | 17.8   | 17.9   | 18.0   |

| № | Жаттығу түрі | Жасы            | Нормативтік талаптар<br>Сынақ ұпайлары |         |         |         |         |         |         |        |        |        |        |        |        |        |        |        |
|---|--------------|-----------------|----------------------------------------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|
|   |              |                 | Өлшем бірлігі                          | 15 ұпай | 14 ұпай | 13 ұпай | 12 ұпай | 11 ұпай | 10 ұпай | 9 ұпай | 8 ұпай | 7 ұпай | 6 ұпай | 5 ұпай | 4 ұпай | 3 ұпай | 2 ұпай | 1 ұпай |
| 1 | 3000 м.      | 17-29 (ер)      | Сек.                                   | 11.30   | 11.35   | 11.40   | 11.45   | 11.50   | 11.55   | 12.00  | 12.05  | 12.10  | 12.15  | 12.20  | 12.25  | 12.30  | 12.40  |        |
|   |              | 30жогары (ер)   | Сек.                                   | 12.40   | 12.45   | 12.50   | 12.55   | 13.00   | 13.05   | 13.10  | 13.15  | 13.20  | 13.25  | 13.30  | 13.35  | 13.40  | 13.50  |        |
| 2 | 1000 м.      | 17-29 (кыздар)  | Сек.                                   | 11.20   | 11.25   | 11.30   | 11.35   | 11.40   | 11.45   | 11.50  | 11.55  | 12.00  | 12.05  | 12.10  | 12.15  | 12.20  | 12.30  |        |
|   |              | 30жогары (кыз.) | Сек.                                   | 12.30   | 12.35   | 12.40   | 12.45   | 12.50   | 12.55   | 13.00  | 13.05  | 13.10  | 13.15  | 13.20  | 13.25  | 13.30  | 13.45  |        |

**Тұрған орнынан ұзындықа секіру (ұлдар, қыздар)**

| №  | Секіру ұзындығы см. (ерлер) | Ұпай саны | Секіру ұзындығы см. (қыздар) | Ұпай саны |
|----|-----------------------------|-----------|------------------------------|-----------|
| 1  | 240 см.                     | 10        | 200 см.                      | 10        |
| 2  | 235 см.                     | 9         | 195 см.                      | 9         |
| 3  | 230 см.                     | 8         | 190 см.                      | 8         |
| 4  | 225 см.                     | 7         | 185 см.                      | 7         |
| 5  | 220 см.                     | 6         | 180 см.                      | 6         |
| 6  | 215 см.                     | 5         | 175 см.                      | 5         |
| 7  | 210 см.                     | 4         | 170 см.                      | 4         |
| 8  | 205 см.                     | 3         | 165 см.                      | 3         |
| 9  | 200 см.                     | 2         | 160 см.                      | 2         |
| 10 | 195 см.                     | 1         | 155 см.                      | 1         |
| 11 | 190 см. төмен               | 0         | 150 см. төмен                | 0         |

Талапкерлер шығармашылық емтиханда жалпы дене дайындығы бойынша тапсырған нормативтер әрбір орындалған норматив бойынша бағаланады және орындалған нормативтер барысында жалпы дене дайындығы баллы шығарылады.

«Жалпы дене дайындығы» Шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері.

«Жалпы дене дайындығы» шығармашылық емтиханы бойынша орындалған жаттығуларды бағалау кезінде, пәндік комиссияның назары оқуға түсушіде келесі мәліметтер мен дағдыларды анықтауға бағытталған: жаттығуларды сапалы орындау қабілеті, жаттығу орындау кезіндегі белсенділігі, Президенттік сынама нормативтерін орындауы.